

Стандарттау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 5 қазандағы № 183-VI КРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 38-баптан қараңыз.

Колданушылар назарына!

Колданушыларға қолайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң ұлттық стандарттау жүйесінің жұмыс істеуіне бағытталған құқықтық негіздерді айқындайды.

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әскери ұлттық стандарт – белгілі бір және арнайы пайдалану мақсатында әскери және қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) объектілерге қағидаларды, жалпы қағидаттар мен сипаттамаларды белгілейтін, оның ішінде мемлекеттік құпияларға жатқызылатын және таратылуы шектеулі мәліметтерді қамтитын өнімдерге, процестер мен көрсетілетін қызметтерге арналған стандарттау жөніндегі құжат;

2) дайындаушы – өткізу үшін өнім өндіретін жеке немесе заңды тұлға;

3) көрсетілетін қызмет – жеке және заңды тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, нәтижелерінің материалдық мәні болмайтын қызмет;

4) мемлекетаралық стандарт – стандарттау жөніндегі өңірлік үйым – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңесі қабылдаған өңірлік стандарт;

5) негізге алынатын ұлттық стандарт – ұлттық стандарттау жүйесінің жалпы үйимдастырушылық-әдістемелік ережелерін белгілейтін және қолданылу саласы кең немесе белгілі бір стандарттау саласы үшін жалпы ережелерді қамтитын стандарттау жөніндегі құжат;

6) нормативтік техникалық құжаттардың бірынғай мемлекеттік қоры – Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қалыптастырылатын нормативтік техникалық құжаттарды, стандарттау жөніндегі құжаттарды (әскери ұлттық стандарттарды және үйимдардың стандарттарын қоспағанда), сондай-ақ бұлар туралы мәліметтерді қамтитын, мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттық ресурс;

7) өзара байланысты стандарттар – техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін ұлттық стандарттар және (немесе) мемлекетаралық стандарттар;

8) өнім – қызметтің материалдық-заттай нысанда ұсынылған және шаруашылық және өзге де мақсаттарда одан әрі пайдалануға арналған нәтижесі;

9) өнімнің өмірлік циклі – өнімді жобалау, өндіру, пайдалану немесе тұтыну, сактау, тасымалдау, өткізу, жою және кәдеге жарату процестері;

10) өнірлік стандарт – стандарттау жөніндегі өнірлік үйим қабылдаған стандарттау жөніндегі құжат;

11) процесс – өнімнің өмірлік циклі кезеңдерін қоса алғанда, қандай да бір тапсырылған нәтижеге жету жөніндегі өзара байланысты және ретімен орындалатын іс-қимылдар (жұмыстар) жиынтығы;

12) ресми басылым – нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры басып шығаратын, ұлттық стандарттау белгісі салынған стандарттау жөніндегі құжаттың (әскери ұлттық стандарттарды және ұйымдардың стандарттарын қоспағанда) баспа не электрондық мәтіні;

13) стандарттардың ақпараттық көрсеткіші – стандарттау жөніндегі қабылданған құжаттар, оларға өзгерістер туралы ақпаратты, сондай-ақ оларды қолданысқа енгізу мерзімдерін және қосымша ақпаратты қамтитын мерзімділікпен басып шығарылатын көрсеткіш;

14) стандарттау – нақты қойылып отырған және әлеуетті міндеттерге қатысты жалпыға бірдей, көп рет пайдалану үшін ережелер белгілеу арқылы стандарттау обьектілерінің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етуге және стандарттау обьектілеріне қойылатын талаптарды ретке келтірудің онтайлы дәрежесіне қол жеткізуге бағытталған қызмет;

15) стандарттау жөніндегі құжат – стандарттау саласындағы қызметтің алуан түріне немесе оның нәтижелеріне қатысты нормаларды, қағидаларды, сипаттамаларды, қағидаттарды белгілейтін құжат;

16) стандарттау жөніндегі құжаттарды жаңартып отыру – стандарттау жөніндегі құжаттарды оларға белгіленген тәртіппен қабылданған өзгерістерді, олардың қолданылу мерзімдері, қайта қарау туралы, шектеу немесе қүшін жою туралы ақпаратты енгізу жолымен жаңартып отыратын күйде ұстау процесі;

17) стандарттау жөніндегі құжаттардың каталогы – ұлттық, мемлекетаралық стандарттар және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптаушыстары туралы ақпаратты қамтитын ақпараттық ресурс;

18) стандарттау жөніндегі өнірлік үйим – қызметтіне қатысуға бір географиялық немесе экономикалық өнір үшін ашық стандарттау жөніндегі үйим;

19) стандарттау жөніндегі техникалық комитет – стандарттау саласындағы қызметті жүзеге асыру және бекітіп берілген стандарттау обьектілері немесе қызмет бағыттары

бойынша ұлттық стандарттау жүйесін құруға қатысу үшін экономика салаларында еркіті негізде құрылатын консультативтік-кеңесші орган;

20) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттің базалық ұйымы – базасында стандарттау жөніндегі техникалық комитет құрылған және жұмыс істейтін ұйым;

21) стандарттау жөніндегі техникалық сарапшы – стандарттау саласындағы қызметке қатысатын, стандарттау объектісіне қатысты арнаулы білімі бар және осы Занда белгіленген сипаттамаларға сай келетін жеке тұлға;

22) стандарттау жөніндегі ұсынымдар – стандарттау және (немесе) өлшем бірлігін қамтамасыз ету мен сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қатысты ұйымдастырушылық және әдіstemелік сипаттағы ақпаратты қамтитын стандарттау жөніндегі құжат;

23) стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым – мүше болуға кез келген ел үшін ашық стандарттау жөніндегі ұйым;

24) стандарттау жөніндегі шетелдік ұйым – стандарттау саласындағы қызметті жүзеге асыратын, шет мемлекеттің ұлттық деңгейінде танылған стандарттау жөніндегі ұйым;

25) стандарттау саласындағы қызмет – стандарттау жөніндегі құжаттарды жоспарлау, әзірлеу, бекіту, тіркеу, есепке алу, жариялау, тарату, қолдану, мониторингілеу және жаңартып отыру;

26) стандарттау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – стандарттау саласында басшылық етуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

27) тарату – осы Занда айқындалатын тәртіппен жеке және занды тұлғалардың тиісті сұрау салулары негізінде ресми басылымдарды және (немесе) олардың көшірмелерін беру не өткізу;

28) техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары – техникалық-экономикалық ақпарат объектілері сыныптауыш топтарының кодтары мен атауларының жүйеленген жиынтықтарын білдіретін стандарттау жөніндегі құжаттар, бұларға ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары, стандарттау жөніндегі өнірлік ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары және шет мемлекеттердің техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары жатады;

29) техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарының депозитарийі (бұдан әрі – депозитарий) – ведомствоаралық сипаты бар техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарының жиынтығын білдіретін, оларды қалыптастыруды, есепке алуды, сактауды, жаңартып отыруды, депозитарийді пайдаланушылардың мүддесінде ақпараттық және нормативтік қамсыздандыруды қамтамасыз ететін мамандандырылған қор;

30) ұйым стандарты – ұйым өз мақсаттарын іске асыру үшін дербес қабылдаған стандарттау жөніндегі құжат;

31) ұлттық стандарт – уәкілетті орган бекіткен, пайдаланушылардың қалың тобына қолжетімді стандарттау жөніндегі құжат;

32) ұлттық стандарттау белгісі – ұлттық стандарттау жүйесінде әзірленетін және қолданылатын құжаттарды таңбалау үшін пайдаланылатын белгі;

33) ұлттық стандарттау жүйесі – стандарттау саласындағы қызметті жүзеге асыру процесінде субъектілердің және олардың қатынастарының, сондай-ақ жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттық ресурс объектілері болып табылатын стандарттау жөніндегі құжаттардың және нормативтік техникалық құжаттардың жиынтығы;

34) ұлттық стандарттау жүйесінің тізілімі – ұлттық стандарттардың, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарының, стандарттау жөніндегі ұсынымдардың, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің жүйелендірілген есебі жүргізілетін электрондық дереккор;

35) үйлестіру – ғылым мен техникадағы жаңа жетістіктер көрініс табатын және стандарттау объектілерінің сапасы мен бәсекеге қабілеттігі деңгейіне қойылатын қазіргі заманғы талаптарды айқындайтын халықаралық және өнірлік стандарттарды ұлттық мұддеге орай енгізу және пайдалану үшін жағдайлар жасау жөніндегі қызмет;

36) халықаралық стандарт – стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым қабылдаған, пайдаланушылардың қалың тобына қолжетімді стандарттау жөніндегі құжат;

37) шет мемлекет стандарты – шет мемлекеттің стандарттау жөніндегі ұлттық органы не шет мемлекеттің ұйымы қабылдаған стандарттау жөніндегі құжат;

38) шет мемлекеттердің стандарттау субъектілері – стандарттау саласында өз елдерінің мұдделерін білдіруге уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар, жеке не заңды тұлғалар.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Осы Заңның реттеу саласы

1. Осы Заң стандарттау саласындағы қызметпен байланысты қатынастарды реттейді

2. Стандарттауға жататын немесе стандартталған өнімдер, процестер және көрсетілетін қызметтер стандарттау объектілері болып табылады.

3. Стандарттау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар ұлттық стандарттау жүйесінің субъектілері болып табылады.

4-бап. Стандарттау мақсаттары

Стандарттау мақсаттары:

1) отандық өнімдердің, процестердің және көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттігін арттыру;

2) табиғи және энергетикалық ресурстарды ұнемдеу;

3) мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін және әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету;

4) өнімдердің, процестердің және көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын арттыру;

5) халықаралық стандарттау жүйесіне интеграциялау жағдайларын жасау үшін саудадағы техникалық кедергілерді жою;

6) өнімдердің, процестердің және көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасына қатысты тұтынушыларды жаңылыстыратын әрекеттердің алдын алу;

7) инновацияларды тиімді енгізуді және жоғары технологиялық өндірістерді дамытуды қолдау, сондай-ақ технологиялар мен үздік зертханалық практикалар трансфертіне жәрдемдесу;

8) халық өмірінің қауіпсіздігі мен сапасын жақсарту үшін жағдайлар жасау болып табылады.

5-бап. Стандарттау қағидаттары

Қазақстан Республикасындағы стандарттау:

1) мынадай:

егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, стандарттау жөніндегі құжаттарды қолдану мақсатында тандау;

стандарттау саласындағы қызметке барлық мүдделі тараптардың қатысу;

өзара байланысты стандарттардан таңдау еріктілігі;

2) ұлттық стандарттау жүйесінің бірлігі мен тұластығы;

3) стандарттаудың жүйелігі мен кешенділігін қамтамасыз ету;

4) стандарттау объектілеріне бірынғай терминологияны қолдану;

5) барлық мүдделі тараптардың қатысуы негізінде ұлттық стандарттарды әзірлеу процесінің ашықтығы;

6) мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын стандарттау жөніндегі құжаттарды және авторлық құқық объектісі болып табылатын стандарттау жөніндегі құжаттарды қоспағанда, пайдаланушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар үшін стандарттау жөніндегі құжаттар, оларды әзірлеу, бекіту және жариялау тәртібі туралы ақпараттың ашықтығы;

7) стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу кезінде ғылым мен техниканың жетістіктерін, сондай-ақ халықаралық, өңірлік стандарттарды, шет мемлекеттердің стандарттарын пайдалану;

8) стандарттаудың серпінділігі және оны озық дамыту қағидаттарына негізделеді.

6-бап. Әскери және қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) өнімдерді, процестерді және көрсетілетін қызметтерді стандарттау саласындағы реттеу

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мұқтажы үшін пайдаланылатын әскери ұлттық стандарттарды әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою және қолданысқа енгізу тәртібін қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган айқындаиды.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

2-тaraу. ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТТАУ ЖҮЙЕСІ

7-бап. Ұлттық стандарттау жүйесінің құрылымы

Ұлттық стандарттау жүйесінің құрылымын:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 2) уәкілетті орган;
- 3) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар;
- 4) стандарттау жөніндегі ұлттық орган;
- 5) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер;
- 6) стандарттау жөніндегі техникалық сарапшылар;
- 7) жеке және заңды тұлғалар құрайды.

8-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің стандарттау саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) стандарттау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың орындалуын ұйымдастырады;
- 2) стандарттау жөніндегі ұлттық органды айқындаиды;
- 3) алып тасталды - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заымен.**

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заымен.

9-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыретіне:

- 1) стандарттау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру және оның жүзеге асырылуын ұйымдастыру;

2) мемлекеттік органдардың, жеке және занды тұлғалардың стандарттау саласындағы қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) стандарттау жөніндегі ұлттық органды айқындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну беру;

4) стандарттау жөніндегі халықаралық және өнірлік ұйымдарда Қазақстан Республикасының мұдделерін білдіру;

5) ұлттық стандарттау жоспарын әзірлеу тәртібін айқындау;

6) ұлттық стандарттау жоспарын бекіту;

7) ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды, сондай-ақ оларға өзгерістерді бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 19.05.2025 № 188-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңымен.

8) ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, келісу, сараптама жасау, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою және қолданысқа енгізу тәртібін айқындау;

9) нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорын қалыптастыру, жүргізу және қолдап отыру, сондай-ақ нормативтік техникалық құжаттардың, ресми басылымдардың көшірмелерін тарату тәртібін айқындау;

9-1) нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорының жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру;

10) техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарының депозитарийін құру және жүргізу тәртібін айқындау;

11) ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын нормативтік құқықтық актілерде қолдану тәртібін айқындау;

12) халықаралық, өнірлік стандарттарды (оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында мемлекетаралық стандарттарды келісу, қолданысқа енгізу және олардың күшін жою) және шет мемлекеттердің стандарттарын, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі өнірлік ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі қағидалары мен ұсынымдарын, шет мемлекеттердің техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі қағидаларын, нормалары мен ұсынымдарын қолдану тәртібін айқындау;

13) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру, жұмыс істейу және тарату тәртібін айқындау;

14) алып тасталды – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15) ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда) және мемлекетаралық стандарттарды талдау мен әзірлеуді ұйымдастыру;

16) ұлттық стандарттарды Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті техникалық регламенттеріне стандарттардың тізбелеріне енгізу жөнінде жұмыстар жүргізу;

17) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Ескеरту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Мемлекеттік органдардың стандарттау саласындағы құзыреті

Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде стандарттау саласында:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат саласында ұйымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау туралы және күшін жою туралы ұсыныстарды дайындауды және уәкілетті органға енгізуді;

2) уәкілетті органмен келісу бойынша ұлттық стандарттарды әзірлеуді;

2-1) уәкілетті органмен және мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат саласында ұйымдарды әзірлеуді;

3) стандарттау жөніндегі құжаттар мен ұлттық стандарттау жоспарының жобаларын қарауды;

4) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің құру жөнінде ұсыныстар дайындауды;

5) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және стандарттау жөніндегі ұлттық органның, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысады;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-бап. Стандарттау жөніндегі ұлттық орган

1. Стандарттау жөніндегі ұлттық орган мемлекеттік заңды тұлға болып табылады.

2. Өз қызметін жүзеге асыру үшін стандарттау жөніндегі ұлттық органның:

1) стандарттау жөніндегі құжаттарды таратуға және қолдануға стандарттау жөніндегі халықаралық, өнірлік және шетелдік ұйымдармен келісімдері;

2) ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды әзірлеуде, стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларына сараптама жасауда тәжірибесі;

3) салалар бойынша стандарттау жөніндегі құжаттарға талдау жүргізу мен оларды жүйелеуде тәжірибесі болуға тиіс.

3. Стандарттау жөніндегі ұлттық органның қызметі отандық өнімдердің, процестердің және көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттігін дамыту мен олардың ішкі және сыртқы нарықтарға еркін қол жеткізуі, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін және әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау мақсатында ұлттық стандарттау жүйесі субъектілерінің келісілген өзара іс-қимыл тетігін жүзеге асыруға бағытталады.

4. Стандарттау жөніндегі ұлттық орган өз құзыretі шегінде:

1) негізге алынатын ұлттық стандарттарды, техникалық регламенттерге стандарттардың тізбелеріне өзара байланысты стандарттар ретінде енгізілетін ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеуді;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-1) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 19.05.2025 № 188-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

1-1) ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды тіркеуді;

2) стандарттау саласында ғылыми зерттеулер жүргізуді және (немесе) оларға қатысады;

3) техникалық регламенттердің жобаларын, техникалық регламенттерді, стандарттау жөніндегі құжаттарды талдауды және жүйелеуді;

4) ұлттық стандарттарға сәйкес келетін қауіпсіздік көрсеткіштері жоғары өнім өндіруге бағытталған инновациялық және инвестициялық жобаларды әзірлеу арқылы оларды қамтамасыз етуді;

5) ұлттық стандарттау жоспарын қалыптастыруды, сондай-ақ оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді;

6) стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларына сараптама жасауды;

7) нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорын, стандарттау жөніндегі құжаттарды каталогтау жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және қолдап отыруды;

ЗКАИ-ның ескертпесі!

7-1) тармақшамен толықтыру көзделген – КР 19.05.2025 № 188-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

- 8) ұлттық стандарттау жүйесінің тізілімін жүргізу;
- 9) стандарттау жөніндегі халықаралық, өнірлік, шетелдік ұйымдармен, оның ішінде ақпарат алмасу, халықаралық, өнірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын Қазақстан Республикасының аумағында тарату және қолдану бойынша ынтымақтасуды;
- 10) нормативтік техникалық құжаттарды және стандарттау жөніндегі құжаттарды (әскери ұлттық стандарттарды және ұйымдардың стандарттарын қоспағанда), сондай-ақ стандарттар мен каталогтардың ақпараттық көрсеткіштерін ресми басып шығаруға, таратуға және жариялауға қатысады;
- 11) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құруды, қызметін үйлестіруді және таратуды, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің құрамын және стандарттау жөніндегі техникалық комиттерге бекітіп берілген стандарттау объектілерін жаңартып отыруды;
- 11-1) стандарттау саласындағы мониторингті үйлестіруді;
- 12) стандарттау саласындағы даярлауды және біліктілікті арттыруды ұйымдастыруға қатысады жүзеге асырады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2021 № 87-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

12-бап. Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер

1. Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер ұлттық стандарттау жүйесі субъектілерінің ерікті қатысуы қағидаты негізінде экономика салаларында құрылады.
2. Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер:
- 1) стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеуге қатысады және оларды әзірлейді;
- 2) бекітіп берілген қызмет саласына сәйкес ұлттық стандарттар жобаларының мазмұнын стандарттау жөніндегі техникалық комитеттің мүшелерімен техникалық талқылауды ұйымдастырады;
- 3) ұлттық стандарттау жоспарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 4) мемлекеттік органдарға, заңды немесе жеке тұлғаларға өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша базалық ұйым атынан сұрау салулар жолдайды;
- 5) стандарттау саласындағы ғылыми зерттеулерге қатысады;
- 6) стандарттау жөніндегі халықаралық және өнірлік ұйымдардың стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерінің жұмысына қатысады;

7) Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттің құрамына тиісті саланың (аяның) ұлттық стандарттау жүйесі мүдделі субъектілерінің өкілдері кіреді.

4. Тиісті саланың (аяның) ұлттық стандарттау жүйесінің мүдделі субъектілері стандарттау жөніндегі техникалық комитетті құруға өтініш берушілер болуы мүмкін.

5. Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттің қызметін ақпараттық-талдамалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді оның базалық ұйымы жүзеге асырады.

13-бап. Стандарттау жөніндегі техникалық сарапшылар

1. Стандарттау жөніндегі техникалық сарапшылар стандарттау саласындағы қызметке қатысады және ұйымның мүддесін білдіре алады.

2. Стандарттау жөніндегі техникалық сарапшылардың құзыретіне:

1) стандарттау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) техникалық реттеу саласындағы және стандарттау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеуге және оларға сараптама жасауға қатысу;

3) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің жұмысына қатысу;

4) стандарттау саласындағы ғылыми зерттеулерге қатысу;

5) ұлттық стандарттау жоспарын қалыптастыруға қатысу;

6) Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды орындау жатады.

3. Ұйымдар стандарттау жөніндегі техникалық сарапшыларды мынадай сипаттамалардың бірі негізінде айқындайды:

1) кәсіптік техникалық білімінің және стандарттау объектісіне қатысты білімінің болуы;

2) стандарттау саласында жұмыс тәжірибесінің болуы.

14-бап. Нормативтік техникалық құжаттардың бірынғай мемлекеттік қоры

1. Нормативтік техникалық құжаттардың бірынғай мемлекеттік қоры Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасына сәйкес жұмыс істейді.

2. Мемлекеттік органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары өздері бекіткен нормативтік техникалық құжаттың бір данасын, сондай-ақ әрбір нормативтік техникалық құжатты қабылдау, өзгерістер енгізу туралы, күшін жою туралы мәліметтерді бірынғай ақпараттық жүйені қалыптастыру үшін стандарттау жөніндегі ұлттық органға ұсынады.

3. Нормативтік техникалық құжаттардың бірынғай мемлекеттік қорын қалыптастыру, жүргізу және қолдан отыру:

1) нормативтік техникалық құжаттарды жиынтықтауды және сақтауды;

2) стандарттау жөніндегі құжаттарды (әскери ұлттық стандарттарды және ұйымдардың стандарттарын қоспағанда) жиынтықтауды, сақтауды және жаңартып отыруды;

3) нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорындағы нормативтік техникалық құжаттардың көшірмелерін, сондай-ақ олар туралы мәліметтерді ұсынуды;

4) нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорының ақпараттық жүйелерін, стандарттау жөніндегі құжаттарды каталогтау жүйесін қолдана отыруды және кеңейтуді қамтиды.

4. Стандарттау жөніндегі құжаттардың (әскери ұлттық стандарттарды және ұйымдардың стандарттарын қоспағанда) ресми басылымдарын тарату нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры арқылы жүзеге асырылады.

Әскери ұлттық стандарттарды, Қазақстан Республикасының аумағында ұлттық стандарттар ретінде қабылданған мемлекетаралық стандарттарды және халықаралық, өнірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттары негізінде қабылданған ұлттық стандарттарды қоспағанда, ұлттық стандарттардың ресми басылымдары өтеусіз негізде таратылады.

5. Стандарттау жөніндегі құжаттарды және олардың көшірмелерін тарату авторлық құқықтар сақталған жағдайда жүзеге асырылады.

15-бап. Жеке және заңды тұлғалардың стандарттау саласындағы құқықтары

Жеке және заңды тұлғалардың өздерінің шаруашылық және кәсіби қажеттіліктерін ескере отырып, тиісті салаларда (аяларда) стандарттау саласындағы қызметті ұйымдастыруға және жүзеге асыруға, атап айтқанда:

1) Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлеуге қатысуға;

2) стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеуге, мониторингілеуге, қайта қарауға, күшін жоюға және жаңартып отыруға қатысуға;

3) уәкілетті органға, стандарттау жөніндегі ұлттық органға, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерге стандарттау саласына қатысты мәселелер бойынша сұрау салулар жолдауға;

4) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің қызметіне қатысуға;

5) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеуге және енгізуға;

6) стандарттау жөніндегі тиісті бөлімшелер мен қызметтер құруға;

7) стандарттау саласындағы ғылыми зерттеулерге қатысуға;

8) Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

3-тaraу. СТАНДАРТТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰЖАТТАР

16-бап. Стандарттау жөніндегі құжаттардың түрлері

1. Стандарттау жөніндегі құжаттарға:

1) халықаралық стандарттар, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптаушылары;

2) өнірлік стандарттар, стандарттау жөніндегі өнірлік ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптаушылары, стандарттау жөніндегі қағидалары мен ұсынымдары;

3) ұлттық стандарттар мен ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптаушылары;

4) стандарттау жөніндегі ұсынымдар;

5) шет мемлекеттердің стандарттары, техникалық-экономикалық ақпарат сыныптаушылары, стандарттау жөніндегі қағидалары, нормалары мен ұсынымдары;

6) ұйымдардың стандарттары жатады.

2. Стандарттау обьектілері Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылатын стандарттау жөніндегі құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуге тиіс.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Ұлттық стандарттар

1. Ұлттық стандарттар осы Занда көзделген стандарттау мақсаттары үшін әзірленеді

2. Ұлттық стандарттар:

1) негізге алынатын ұлттық стандарттарға;

2) өнімдерге, процестерге және көрсетілетін қызметтерге, өнімдерді, процестерді және көрсетілетін қызметтерді бақылау әдістеріне арналған ұлттық стандарттарға;

3) әскери ұлттық стандарттарға бөлінеді.

3. Ұлттық стандарттарда:

1) өнімдерді, көрсетілетін қызметтерді сыныптау;

2) өнімнің бірдейлік, сәйкестік және өзара айырбасталу көрсеткіштері;

3) терминдер мен анықтамалар;

4) функционалдық мақсатының көрсеткіштерін қоса алғанда, өнімдер мен көрсетілетін қызметтер сапасының деңгейін айқындастын олардың тұтынушылық қасиеттері мен сипаттамалары;

5) өнімді өндіру, қайта өндеу, қабылдау, буып-түю, таңбалау, тасымалдау, сақтау, өткізу, кәдеге жарату және жою қағидалары;

6) өнімдердің және көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін сыйнау әдістері;

- 7) барлық ресурс түрлерін сақтауға және ұтымды пайдалануға қойылатын талаптар;
- 8) менеджмент жүйелерін енгізуді қамтамасыз ететін өндірісті ұйымдастыруға қойылатын талаптар;

9) белгілі бір қызмет саласына арналған ұйымдастырушылық-әдістемелік сипаттағы ережелер, сондай-ақ жалпы техникалық нормалар мен қағидалар белгіленуі мүмкін.

18-бап. Ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары

1. Экономика салаларында пайдаланылатын және есепке алуды қажет ететін техникалық-экономикалық ақпарат техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын бекіту арқылы сыныптауға және кодтауға жатады.

2. Ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеу бастамашылық тәртіппен не ұлттық стандарттау жоспарына сәйкес жүргізіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

18-1-баппен толықтыру көзделген – ҚР 19.05.2025 № 188-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

19-бап. Ұйымдардың стандарттары

1. Ұйымдардың стандарттары өнімдерге, процестерге немесе көрсетілетін қызметтерге арналып әзірленеді және ұлттық стандарттау жүйесі тізілімінде есепке алуға және тіркеуге жатпайды.

Ұйымдардың стандарттары техникалық шарттар, оның ішінде өнімге қойылатын техникалық талаптарды қамтитын түрінде қабылдануы мүмкін.

2. Ұйымдардың стандарттарын:

- 1) бір ұйым;
- 2) салалық қауымдастық (үкіметтік емес);
- 3) консорциум;
- 4) өзін-өзі реттейтін ұйым қабылдайды.

3. Ұйымдардың стандарттары тиісті стандарттың төлнүсқасын ұстаушы ұйымның рұқсатымен ғана пайдалануға беріледі.

4. Ұйымдардың стандарттарын әзірлеу, қабылдау, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою, басып шығару, тарату, қолдану тәртібін ұйым айқындайды.

5. Ұйымдардың стандарттарын әзірлеуді республикалық немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландыруға жол берілмейді.

20-бап. Стандарттау жөніндегі ұсынымдар

Стандарттау жөніндегі ұсынымдар қолданылуы ерікті, стандарттау, сондай-ақ өлшем бірлігін қамтамасыз ету және сәйкестікті раставу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қатысты, тиісті ұлттық стандартты қолдануға ықпал ететін ұйымдастырушылық-әдістемелік ережелерді немесе ұлттық стандартта белгілегенге дейін практикада алдын ала тексеру орынды болатын ережелерді қамтиды.

4-тапау. СТАНДАРТТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰЖАТТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ

21-бап. Стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау

1. Стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау ұлттық стандарттау жүйесінің стратегиялық мақсаттары мен даму бағыттары есепке алына отырып, жыл сайын жүзеге асырылады.

Стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарына сай келуге, ғылыми зерттеулердің нәтижелері мен Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды ескеруге тиіс.

Стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау ұлттық стандарттау жоспарынысанында жүзеге асырылады.

Ұлттық стандарттау жоспарының қолданылуы кезеңінде ұлттық стандарттау жүйесі субъектілерінің ұсыныстары бойынша оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол беріледі.

2. Ұлттық стандарттау жоспары:

1) мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің және басқа да мұдделі тараптардың ұсыныстары;

2) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің жұмыс жоспарлары;

3) қолданыстағы стандарттау жөніндегі құжаттарды алдын ала талдау және ұлттық стандарттарды әзірлеу қажеттілігі ескеріле отырып, техникалық регламенттерге өзара байланысты стандарттардың тізбелерін кеңейту;

4) стандарттау саласындағы мониторинг нәтижелері;

5) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарына сай келетін өзге де көздер негізінде қалыптастырылады.

3. Осы баптың күші халықаралық, өнірлік стандарттарды (мемлекетаралық стандарттарды қоспағанда), ескери ұлттық стандарттарды, ұйымдардың стандарттарын, сондай-ақ шет мемлекеттердің стандарттарын жоспарлауға қолданылмайды.

4. Алып тасталды – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-бап. Ұлттық стандарттарды әзірлеу және бекіту

1. Ұлттық стандарттарды әзірлеу ұлттық стандарттау жоспарына сәйкес және (немесе) бастамашылық тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Ұлттық стандарттар:

1) ғылыми зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер нәтижелері;

2) халықаралық, өнірлік стандарттар, ұйымдардың стандарттары, шет мемлекеттердің стандарттары және стандарттау объектісіне қойылатын талаптарды белгілейтін өзге де құжаттар;

3) өнімдердің, процестердің және көрсетілетін қызметтердің жаңа түрлерін қолдануда жиналған практикалық тәжірибе ескеріле отырып әзірленеді.

Үлттық стандарттарды өзірлеу кезеңі үш жылдан аспауға тиіс.

3. Ұлттық стандарттарды өзірлеуді ұлттық стандарттау жүйесінің мүдделі субъектілері жүзеге асырады.

Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын негізге алынатын ұлттық стандарттарды, техникалық регламенттерге стандарттардың тізбелеріне өзара байланысты стандарттар ретінде енгізілетін ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды өзірлеуді стандарттау жөніндегі ұлттық орган жүзеге асырады.

4. Ұлттық стандарттарды өзірлеудің басталғаны және аяқталғаны туралы хабарламалар, сондай-ақ ұлттық стандарттардың жобалары стандарттау жөніндегі ұлттық органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Ұлттық стандарттардың жобаларын стандарттау жөніндегі ұлттық органның интернет-ресурсында жария талқылау күнтізбелік алпыс күн ішінде жүзеге асырылады.

5. Ұлттық стандартты бекіту алдында әзірлеуші оның жобасын стандарттау жөніндегі ұлттық органға сараптамаға жібереді.

Стандарттау объектілерінің қауіпсіздігі мәселелерін қозғайтын ұлттық стандарттарды қоспағанда, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ұлттық стандарттарды бекітудің міндетті шарты консенсусқа қол жеткізу болып табылады.

Стандарттау объектілерінің қауіпсіздігі мәселелерін қозғайтын ұлттық стандарттарды бекіту туралы шешімді мүдделі мемлекеттік органмен келісу бойынша уәкілетті орган қабылдайды.

6. Жария талқылау кезеңінде ұлттық стандарттардың жобалары стандарттау жөніндегі бейіндік техникалық комитетте, ал ол болмаған жағдайда стандарттау жөніндегі ұлттық органда міндетті техникалық талқылаудан өтеді.

7. Осы баптың 1, 3, 4, 5 және 6-тармақтарының ережелері әскери ұлттық стандарттарды өзірлеу кезінде қолданылмайды.

23-бап. Ұлттық стандарттарға өзгерістер енгізу және олардың күшін жою

1. Ұлттық стандарттарға өзгерістер жекелеген талаптарды ауыстыру, толықтыру немесе алып тастау, олардың қолданылуын ұзарту, шектеу немесе қалпына келтіру, жаңа талаптарды енгізу және халықаралық стандарттармен үйлестіру кезінде енгізіледі, бұлар қолданыстағы ұлттық стандарт бойынша дайындалатын өніммен жаңа өнімнің өзара айырбасталу және сәйкестік талаптарының бұзылуына алып келмейді.

2. Ұлттық стандарттарға өзгерістер енгізу рәсімдерін уәкілетті орган белгілейді.

3. Ұлттық стандарттардың күшін жою үшін мыналар негіздер болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келу;
- 2) қолданыстағы ұлттық стандарттың орнына жаңасын қолданысқа енгізу;
- 3) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекетаралық стандарттарды қабылдау;
- 4) ұлттық стандартты қолданудың өзекті болмай қалуы.

4. Ұлттық стандарттың күші жойылған кезде ұлттық стандарттың күшін жоюға бастама жасаған тұлғалар уәкілдегі органға ұсыныс жібереді.

5. Осы баптың 1, 2, 3 және 4-тармақтарының ережелері әскери ұлттық стандарттарға өзгерістер енгізген және олардың күшін жойған кезде қолданылмайды.

24-бап. Ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеу және бекіту

1. Ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеудің басталғаны және аяқталғаны туралы хабарламалар, сондай-ақ ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарының жобалары стандарттау жөніндегі ұлттық органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарының жобаларын стандарттау жөніндегі ұлттық органның интернет-ресурсында жария талқылау күнтізбелік алпыс күн ішінде жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақты үшінші бөлікпен толықтыру көзделген – ҚР 19.05.2025 № 188-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

2. Ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауышын бекіту алдында әзірлеуші оның жобасын стандарттау жөніндегі ұлттық органға сараптамаға жібереді.

3. Ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары бекітіліп, ұлттық стандарттау жүйесінің тізілімінде тіркелгеннен кейін уәкілдегі орган сақтау үшін депозитарийге береді.

25-бап. Ұлттық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды тіркеу

Ұлттық стандарттар, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары, стандарттау жөніндегі ұсынымдар міндетті тіркеуге жатады.

5-тарау. СТАНДАРТТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰЖАТТАРДЫ ҚОЛДАНУ

26-бап. Стандарттау жөніндегі құжаттарды қолдану

1. Ұлттық, мемлекетаралық стандарттар және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында бұл жөніндегі нұсқаулар болса, қолданылуы міндетті болып табылады.

Техникалық регламенттердің талаптарын орындау және техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін бағалау үшін таңдау бойынша ерікті негізде өзара байланысты стандарттар қолданылады.

Өзара байланысты стандарттарды қолданбау техникалық регламенттердің талаптарын сақтамау ретінде қаралмайды.

Техникалық регламенттерге стандарттардың тізбелеріне енгізілген өзара байланысты стандарттар қолданылмаған жағдайда, сәйкестікті бағалау тәуекелдерді талдау негізінде жүзеге асырылады.

Ұйымдардың стандарттарына сілтемелер нормативтік құқықтық актілерде қолданылмайды.

2. Егер Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасында өзгеше белгіленбесе, стандарттау жөніндегі құжаттар стандарттау объектілерінің шығарылған еліне және жеріне қарамастан, ерікті негізде қолданылады.

3. Егер ұлттық стандарттау жүйесінің субъектісі ерікті түрде стандарттау объектісінің стандарттау жөніндегі құжатқа сәйкестігі туралы мәлімдесе, оның ішінде стандарттау жөніндегі құжаттың белгілемесі таңбалауда, пайдалану немесе де құжаттамада қолданылған жағдайда, сондай-ақ егер стандарттау объектісі ерікті түрде стандарттау жөніндегі құжаттың талаптарына сәйкестікке сертификатталса, стандарттау жөніндегі құжаттың талаптары ол үшін міндетті болады.

4. Жеке және заңды тұлғалардың стандарттау жөніндегі құжаттарды қолдануы авторлық құқықтар сақтала отырып жүзеге асырылады.

27-бап. Халықаралық, өнірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын қолдану

1. Халықаралық, өнірлік стандарттар және шет мемлекеттердің стандарттары Қазақстан Республикасының аумағында оларды ұлттық және мемлекетаралық стандарттар ретінде қабылдау арқылы қолданылады.

Ұлттық стандарттау жүйесінің субъектілері ұйымның мақсаттарын іске асыру үшін осы Заңның 16-бабы 2-тармағының және осы баптың 2-тармағының талаптарын ескеріп, стандарттау жөніндегі ұлттық органға тиісті хабарлама жібере отырып, халықаралық, өнірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын тікелей қолдана алады.

2. Халықаралық, өнірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын қолдану үшін қажетті шарттардың бірі мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының стандарттау, метрология және акредиттеу жөніндегі халықаралық және өнірлік ұйымдарға мүше болуы;

2) Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарының болуы;

3) стандарттау жөніндегі ұлттық орган мен халықаралық, өнірлік, шетелдік ұйым арасында стандарттау саласындағы ынтымақтастық туралы шарттың болуы;

4) төлнүсқаларды ұстаушылардың халықаралық, өнірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын қолдану жөніндегі талаптарын сақтау.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

28-бап. Стандарттау саласындағы мониторинг

1. Стандарттау саласындағы мониторингті:

1) бекітіп берілген стандарттау объектілері бойынша стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер;

2) стандарттау жөніндегі ұлттық орган;

3) құзыреті шегінде мемлекеттік органдар жыл сайын жүзеге асырады.

2. Стандарттау саласындағы мониторингке:

1) ұлттық стандарттардың (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда) ғылыми-техникалық деңгейін талдау;

2) ұлттық стандарттардың (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда) қолданыстағы техникалық регламенттерге сәйкестігін талдау;

3) экономиканың әртүрлі салаларында ұлттық стандарттармен (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда) қамтамасыз етілуді талдау кіреді.

3. Ұсыныстар түрінде ресімделген мониторинг нәтижелері жартышылдық қорытындылары бойынша стандарттау жөніндегі ұлттық органға жіберіледі.

Стандарттау жөніндегі ұлттық орган келіп түсken ұсыныстарды талдау нәтижелері бойынша ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда) әзірлеуге, қолданыстағы ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда) қайта қарауға, ұлттық стандарттардың (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда) күшін жоюға не оларға өзгерістер енгізуге бастамашылық жасайды.

6-тапау. СТАНДАРТТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰЖАТТАРДЫ КАТАЛОГТАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

29-бап. Стандарттау жөніндегі құжаттарды каталогтау жүйесі

1. Стандарттау жөніндегі құжаттарды каталогтау жүйесі ұлттық стандарттау жүйесінің мүдделі субъектілерін экономиканың салалары бойынша ұлттық, мемлекетаралық стандарттар, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыйыптаушылары туралы мәліметтермен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейді.

2. Стандарттау жөніндегі құжаттарды каталогтау жүйесі мыналарды қамтиды:

1) ұлттық стандарттардың және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыйыптаушыларының ақпараттық каталогтарын қалыптастыру және жүргізу;

2) мемлекетаралық стандарттардың ақпараттық каталогтарын қалыптастыру және жүргізу;

3) күші жойылған, ауыстырылған және қолданысқа енгізілмеген мемлекетаралық стандарттардың каталогын қалыптастыру;

4) мерзімді ақпараттық көрсеткіштерді қалыптастыру және жүргізу.

30-бап. Стандарттау саласындағы ақпараттық қамтамасыз ету

Стандарттау саласындағы ақпараттық қамтамасыз ету:

1) стандарттау жөніндегі құжаттар туралы ақпаратты орналастыру;

2) нормативтік техникалық құжаттарды, ресми басылымдарды және олардың көшірмелерін тарату;

3) ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды жариялау арқылы жүзеге асырылады.

30-1-бап. Ұлттық стандарттарды түсіндіру

Ұлттық стандарттарды түсіндіруді оларды әзірлейтін ұлттық стандарттау жүйесінің субъектілері жүзеге асырады.

Ескерту. 30-1-баппен толықтырылды – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-бап. Стандарттау жөніндегі құжаттар туралы ақпаратты орналастыру

1. Стандарттау жөніндегі құжаттар (әскери ұлттық стандарттарды, ұйымдардың стандарттарын қоспағанда) туралы ақпаратты орналастыру оларды стандарттау жөніндегі ұлттық органның интернет-ресурсында және стандарттардың ай сайынғы және жыл сайынғы ақпараттық көрсеткіштерінде міндетті түрде жариялау арқылы жүзеге асырылады.

2. Стандарттау жөніндегі құжат туралы ақпаратқа:

1) атауы;

2) қолданылу саласы;

3) бекіту, өзгерістер енгізу және күшін жою туралы шешімнің күні мен нөмірі;

4) әзірлеуші туралы мәліметтер жатады.

32-бап. Жариялау

Ұлттық стандарттар, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары және стандарттау жөніндегі ұсынымдар жариялануға жатады.

Жариялау стандарттау жөніндегі құжаттардың мәтіндерін стандарттау жөніндегі ұлттық органың интернет-ресурсында орналастыру жолымен жүзеге асырылады.

33-бап. Ұлттық стандарттау белгісі

1. Ұлттық стандарттау белгісімен ұлттық (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), мемлекетаралық стандарттардың және стандарттау жөніндегі ұсынымдардың баспа және электрондық басылымдары, сондай-ақ стандарттардың ақпараттық көрсеткіштері мен стандарттау жөніндегі құжаттардың каталогтары таңбаланады.

2. Ұлттық стандарттау белгісінің бейнесі, оған қойылатын техникалық талаптар және таңбалалау тәртібі ұлттық стандартта белгіленеді.

7-тaraу. СТАНДАРТТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

34-бап. Стандарттау саласындағы халықаралық және өңірлік үнтымақтастық

1. Стандарттау саласындағы халықаралық және өңірлік үнтымақтастық осы Заңға және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Халықаралық үнтымақтастық ұлттық стандарттау жүйесі субъектілерінің стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдармен және шет мемлекеттердің стандарттау субъектілерімен үнтымақтастығын қамтиды.

3. Өңірлік үнтымақтастық ұлттық стандарттау жүйесі субъектілерінің стандарттау жөніндегі өңірлік ұйымдармен үнтымақтастығын қамтиды.

4. Стандарттау жөніндегі ұлттық орган ұлттық стандарттау жүйесі субъектілерінің халықаралық және өңірлік стандарттарды әзірлеуге қатысуын үйлестіреді.

8-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

35-бап. Стандарттау саласындағы қызметті қаржыландыру көздері

1. Стандарттау саласындағы қызметті қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Стандарттау саласындағы қызметті қаржыландыру:

- 1) бюджет қаражаты;
- 2) ұйымдардың қаражаты;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарналары;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қаржы көздері есебінен жүзеге асырылады.

Бюджет қаражаты есебінен: негізге алынатын ұлттық стандарттарды, техникалық регламенттерге стандарттардың тізбелеріне өзара байланысты стандарттар ретінде енгізілетін ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды, мемлекеттік бағдарламалардың, Қазақстан Республикасы Президенті және Қазақстан Республикасы Үкіметі актілерінің іске асырылуы үшін әзірленетін ұлттық стандарттарды, нормативтік құқықтық актілерде қолдану үшін ұлттық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеуге жол беріледі. Стандарттау жөніндегі құжаттардың қалған түрлері өзге қаржыландыру көздері есебінен әзірленеді.

Ескерту. 35-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

36-бап. Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

37-бап. Өтпелі ережелер

Алдын ала ұлттық стандарттар және үкіметтік емес стандарттар осы Заң қолданысқа енгізілгеннен кейін он екі ай ішінде ұлттық стандарттар ретінде қабылдануы мүмкін.

38-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. НАЗАРБАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК